

Тобы	Кіші «Балдырған» топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	МАМЫР // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	<i>Денсаулық</i>	<i>3</i>	<i>Қатынас</i>	<i>1</i>	<i>Таным</i>	<i>2</i>	<i>Шығармашылық</i>	<i>3</i>	<i>Әлеумет</i>	-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5		-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1		-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		-
							Мүсіндеу	0,25		-
Бейбітшілік қорғанында/ На страже мира / Peace // (1-апта)										
Мақсаты. Балаларды Отан қорғаушылардың әскери қызметінің негізгі мәнімен таныстыру; дабылдың қағуын, марштың ырғағын естіген кезде ырғақты адымдау қимылдарын жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.										
Оқу қызметінің түрі,	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Солдаттармыз"		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Аспаптар қалай дыбыстайды?"		Сенсорика. Тақырыбы: "Қорапшадағы"		Музыка. Тақырыбы: "Отшашулар".			

тақырыбы, мақсаты.	саптағы". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге жаттықтыру; еңіс тақтайдың үстімен жүру кезінде өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.	Мақсаты: балаларға аспап түрлері туралы түсінік беру; кейіпкермен қатынас орнатуда қаратпа сөз бен етістіктен тұратын сөз тіркесі арқылы аспаптардың дыбыс ерекшеліктерін айтып отыруға жаттықтыру; аспаптарды сыртқы бейнесі мен дыбысталу ерекшеліктеріне қарап, ажырата білуге дағдыландыру; дүниетанамын дамыту.	мерекелік кәмпиттер". Мақсаты: балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру.	Мақсаты: балаларды тыңдалатын әннің ырғағын түсіне білуге және дыбыстардың жәй, қатты сипатын жетекшімен бірге айта білуге үйрету; ырғақты қимылдардың элементтерін зейін қоя қабылдай білуін дамыту; үрмелі аспаптарда топпен орындау мәдениетіне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз жас ұланбыз". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге дағдыландыру; дене мүшелерін игере білуге, шымыр, зерек болуға баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қызғалдақ". Мақсаты: балаларды көктемнің алғашқы гүлі, қызғалдақпен таныстыру; көктемның табиғи құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру; дабылдың дыбыс	Сурет салу. Тақырыбы: "Отшашулар (Салют)". Мақсаты: балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (қара түсті қоспау) ұзын және қысқа сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелерді	

			шығару қасиеттері туралы түсінік беру; әскери қызмет туралы жалпы мағлұматтар беру; достыққа, ізгілікке тәрбиелеу.	атап өту және оны безендіру рәсімі туралы түсінік беру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз Отан қорғаушылармыз". Мақсаты: балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарда шымыр, иілгіш, шампан, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Мерекелік шелпектер". Мақсаты: балаларды сазбалшықтың біртұтас бөлігін екіге бөліп, домалатып илеп, шарларды алақандар арасына қысып, жалпақ пішін жасауға үйрету; нан өнімдерін қастерлеуге тәрбиелеу.	
Табиғаттың гүлденуі / Расцветает природа / The flowering of nature // (2-апта)					
Мақсаты. Балаларды көктемде даланың гүлденгенін бақылап, қуаныш сезімдеріне бөлеуге ынталандыру; эстетикалық талғам негіздерін қалау.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы,	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бақ-бақ гүлдер". Мақсаты: балаларды	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Көктем келді гүл алып". Мақсаты: балаларға	Құрастыру. Тақырыбы: "Аула қақпасы". Мақсаты: балаларды	Музыка. Тақырыбы: "Нәзік гүлдер". Мақсаты: балаларды	

мақсаты.	екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге үйрету; қол, арқа бұлшықеттерін дамыту.	табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; балалардың көктемгі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын ояту; табиғатты қорғау сезімдері мен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	аула қақпасын және текшелерді үлгі бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру; адамның табиғатты күтуіне көңіл аудару.	әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бақ-бақ гүлі әлемінде". Мақсаты: балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге дағдыландыру; қол, арқа		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Бақбақ гүл". Мақсаты: балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің	Музыка. Тақырыбы: "Билейміз гүлдермен". Мақсаты: балаларды көңілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға ынталандыру; топта	

	бұлшықеттерін, көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту.		құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бақ-бақ гүлін бірге үрлейік". Мақсаты: балалардың екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білу қабілеттерін жетілдіру; ойындар мен жаттығуларды шымыр, зерек, шапшаң болуға ынталандыру.			Сурет салу. Тақырыбы: "Гүлдер". Мақсаты: балаларды қағаздың бетіне гүлдерді толтырып салу техникасына үйрету; бормен қысқа сызықтарды қалдырып, гүлдердің сабақтарын салу, бояу мен қылқалам арқылы сабақтардың бастарына жакпа басып отыру дағдыларын қалыптастыру; пайда болған бейнелерді бір сөзбен, "гүлдер" деп атауға баулу.	

Көктемгі егістік / Весенние работы / Spring sowing // (3-апта)

Мақсаты. Балаларды ойын, ертегі мысалдарында адам мен жан-жануарлардың көктем мезгіліндегі тіршілігі ерекшеліктерімен таныстыру; ортақ ойындарға еркін қатысуға ынталандыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көк машина". Мақсаты: балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білуге үйрету; допты домалату жаттығуы арқылы қол, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Тауық пен балапан". Мақсаты: балаларға әңгіме мазмұнын мұқият оқып беру; әңгімедегі дыбыс иелерінің дыбыстарына еліктей білуге және қайталауға дағдыландыру; әңгіме тақырыбы мазмұнына сай қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру.	Сенсорика. Тақырыбы: "Кемпірқосақ". Мақсаты: балаларды біркелкі заттардың көлемі, пішіні, түсіне қарап біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Еңбек түбі – зейнет". Мақсаты: балаларды күй атасы Дәулеткерейдің "Қосалқа" шығармасымен таныстыру; күйдің домбыра аспабындағы орындалу ерекшелігі туралы түсініктерін кеңейту; қазақ халқының күй жанры шығармаларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты қақпаға дәлдейміз". Мақсаты: балаларды		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ешкі мен лақ". Мақсаты: балаларды үй	Сурет салу. Тақырыбы: "Қозы". Мақсаты: балалардың қозы кескінін	

	допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға жаттықтыру; қол, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.		жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш ұшымен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бұйра оюлармен толтыруға үйрету; қозының шиыршықталған бұйра жүнін бір-біріне тығыз салуға дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсінік беру; шыдамдылық пен ұқыптылық танытуға тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Мергендікті шыңдаймыз". Мақсаты: балалардың допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білу қабілеттерін жетілдіру; ойын-жаттығуларда			Жапсыру. Тақырыбы: "Бұлттар ұшып келеді". Мақсаты: балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға	

	көзбен дәлдей білу, жағымды эмоционалды қарым-қатынастарға қосыла білу қабілеттерін дамыту.			үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту.	
Жайдары жаз келді! / Вот и лето пришло / Summer // (4-апта)					
Мақсаты. Балаларды жаз мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен таныстыру; адамның кейпі мен әрекетінде өзгерістерді атауға үйрету; жазғы ойындарға қуанышпен қатысуға мүмкіндіктер жасау.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шынығамыз жазда". Мақсаты: балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Үш аю" ертегісі. Мақсаты: балаларды "Үш аю" ертегісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Біздің көше". Мақсаты: балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін	Музыка. Тақырыбы: "Жаз кереметтері". Мақсаты: балалардың өздеріне жыл бойына өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.	

			арттыру; төзімділік пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көпіршіктер жасаймыз". Мақсаты: балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге дағдыландыру; дене шымырлығын, зеректігін жетілдіру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Құмның қасиеті". Мақсаты: балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру; жаз мезгілінің кереметтеріне деген қызығушылықты ояту.	Музыка. Тақырыбы: "Жайма шуақ жазымыз". Мақсаты: балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тез өсеміз біз жазда". Мақсаты: балалардың еденге қойылған баспалдақтан аттап			Сурет салу. Тақырыбы: "Алуан түсті алақан". Мақсаты: балалардың әртүрлі бояуға малынған алақанын	

	жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарда шымыр, шапшаң, зерек, ұйымшыл бола білуге баулу.			қағаз бетіне басып шығаруға ынталандыру; қызығушылықтарын арттырып, жұмыс нәтижесін тамашалауда эмоцияларға бөленуге жағдай туғызу.	
--	--	--	--	---	--